**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1999 жылғы 24 ақпан N 71

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы экономикалық интеграцияны одан әрі тереңдету мен тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. 1998 жылғы 12 қазанда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 24 ақпандағы N 71 Жарлығымен бекітілген**

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы Шарт** *

*(Келісім 1999 жылғы 17 наурызда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 4, 18-құжат)*

Бұдан былай Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартты, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияны және 1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясы Президентінің Бірлескен мәлімдемесін басшылыққа ала отырып,

мемлекетаралық интеграция экономикалық дамудың аса маңызды элементтерінің бірі болып табылатынын ескере отырып,

өз елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін халықаралық еңбек бөлінісінің, өндірісті мамандандырудың және кооперациялаудың, өзара тиімді сауданың артықшылықтарын пайдалана отырып,

тең құқықты әрі өзара тиімді сауда-экономикалық және өндірістік қатынастарды

одан әрі нығайтып, дамыту, оларға ұзақ мерзімді де тұрақты сипат беру, екі мемлекеттің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану және өз халықтарының әл-әуқатын арттыру қажеттілігін негізге ала отырып,

экономикалық реформаларды жүзеге асыруды үйлесімді етуге тауарлардың, қызмет көрсетулердің, капитал мен жұмыс күшінің емін-еркін қозғалысына кезең-кезеңімен көшу үшін жағдайлар туғызуға зор маңыз бере отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Кеден одағы шеңберіндегі уағдаластықтар негізінде практикалық тұрғыдағы өзара іс-қимылды ескере отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап**

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын (бұдан былай - Бағдарлама деп аталады) жүзеге асырады.

**2-бап**

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың экономикалық ынтымақтастығы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей принциптері мен нормаларына, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысатын халықаралық шарттарға және ұлттық заңдардың ережелеріне сәйкес меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан екі мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы екі жаққа да тиімді өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.

Ортақ экономикалық кеңістікті кезең-кезеңімен қалыптастырудың әрі дамытудың қажеттігін мойындай отырып, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар әлеуметтік-экономикалық қайта жаңғыртулардың, экономика саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жақындастырудың, кооперацияны дамыту мен екі мемлекеттің аумағында инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда инвесторларға жәрдем көрсетудің, бірлескен өндірістік құрылымдар құрудың, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес жекешелендіруге өзара бірлесіп қатысудың негізгі бағыттарын келісу үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

**3-бап**

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың Үкіметтері Бағдарламаны орындауды үйлестіріп, оны жүзеге асыруға кезең-кезеңімен бақылау жасайтын болады және қажет болған жағдайда оған түзетулер енгізетін болады.

**4-бап**

Бағдарламаның орындалу барысы Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың Үкімет Басшылары деңгейінде кемінде жылына бір рет қаралады.

**5-бап**

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты даулар консультациялар және келіссөздер арқылы реттеледі.

**6-бап**

Бағдарламаға өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Шарт сияқты тәртіппен күшіне енетін үкіметаралық хаттамалармен ресімделеді.

**7-бап**

Осы Шарт Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың өзге халықаралық шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттеріне ықпал етпейді.

**8-бап**

Осы Шарт Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың Шарттың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағанын растайтын соңғы жазбаша хабарламадағы күннен бастап күшіне енеді және 2007 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа жазбаша хабарлама жасау арқылы осы Шарттың қолданысын тоқтата алады. Мұндай жағдайда Шарт осындай хабар алынған күннен бастап алты айдан соң өзінің күшін тоқтатады.

Осы Шарт күшінің тоқтатылуы Бағдарламаға сәйкес қолға алынған жобаларды жүзеге асыруға ықпал етпейді.

Алматы қаласында 1998 жылғы 12 қазанда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН          РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮШІН

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы**

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өзара экономикалық мүдделері екі мемлекет экономикасының көптеген салаларының арасында тарихи қалыптасқан өндірістік және ғылыми- техникалық байланыстарға әрі оларды екі жаққа да тиімді және тең құқықтық негізде сақтау мен одан әрі дамытудың объективті қажеттілігіне негізделген.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірқатар бірлескен экономикалық проблемалары мемлекеттердің Кеден одағына қатысуы шеңберінде шешіледі. Сонымен қатар бұл процесті екі жақты экономикалық қатынастарды дамыту жолымен жандандыру әрі тереңдету талап етіледі.

Осы жұмысты бірлесіп жүргізу үшін 1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт, 1996 жылғы 27 сәуірдегі Бірлескен Қазақстан-Ресей (Алматы ) декларациясы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларация және 1998

жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясы Президентінің Бірлескен мәлімдемесі негіз болып табылады. Аталған құжаттардың ережелерінің негізінде осы Бағдарлама әзірленді.

## I. Қазақстан-Ресей экономикалық ынтымақтастығының жай-күйі

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының экономикасындағы түбірлі өзгерістер - шаруашылық және кооперациялық байланыстардың әлсіреуімен, өндіріс көлемдерінің айтарлықтай құлдырауымен және өзара тауар айналысының терең сипатта қысқаруымен қатар жүріп отырды.

Көптеген кәсіпорындарды қамтыған қаржылық дағдарыс, өзара есеп айырысу жүйесінің жетілдірілмеуі, салық салу жүйесінің үйлесімсіздігі жағдайында тауар айналымының құрылымы нашарлады және экспорттық- импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде баспа-бас айырбасты қолдану өсті.

Екі жақты экономикалық ынтымақтастықта отын-энергетика, тау-кен металлургия кешені, машина жасау және химия өнеркәсібі салаларында бұрын қалыптасқан кәсіпорындардың мамандандырылуы, сондай-ақ қаржы және инвестициялық ресурстарды жұмылдыру, бірлескен өндірістік құрылымдарды құру мүмкіндіктері әлсіз пайдаланылады.

Өзара мүдделілік білдірілуі жағдайында қазақстандық және ресейлік шаруашылық жүргізуші субъектілердің екі мемлекеттің аумақтарында орналасқан, ең алдымен мұнай өңдеу, энергетика, қара және түсті металлургия сияқты салалардағы кәсіпорындарды акционерлендіру дамымай отыр.

Өнімнің әр алуан түрлерін өндіру, оның ішінде іргелі зерттеулер жүргізудің техникалық тұрғыдан күрделі және ғылыми қамтымды саласында өзара мүдделілік білдірілетін проблемаларды шешуге бағытталған мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға байланысты мүмкіндіктер пайдаланылмайды. Бағдарлама да осындай мақсатты көздейді.

## II. Бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының өзара тиімді экономикалық байланыстарын дамыту жөніндегі келісілген шаралар кешенін ұзақ мерзімді негізде жүзеге асыруды қамтамасыз ету, екі ел экономикасының жетекші салаларындағы кәсіпорындардың өндірістік ынтымақтастығын елеулі түрде алға апаруға қол жеткізу және осылардың негізінде өзара тауар айналымын ұлғайту мақсатында әзірленді.

Осы Бағдарламаның негізгі мақсаттары Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы халықтарының тұрмыс деңгейін көтеру және екі мемлекет халықтарының мәдени мұқтаждықтарын қанағаттандыру болып табылады.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді:

екі мемлекет экономикасын көтеруге бағытталған экономикалық ынтымақтастықты

тұрақты дамытуды қамтамасыз етуді;

институционалдық қайта жаңғыртуды жүзеге асыруда, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тең мүмкіндіктер мен кепілдіктерді қамтамасыз етуде, адал бәсекелестік үшін жағдайлар туғызуда, табиғи монополиялардың қызметін реттеуде өзара іс-қимыл жасауды;

екі мемлекеттің экономикасын құрылымдық қайта құруға қатысты тұжырымдамалық көзқарастарды тоқайластыруды, өндірістің өсуі үшін ынталандыру шараларын туғызуды, оның дамуына инвестициялар салуды, ғылым мен озық технологиялардың жаңа жетістіктерін енгізуді, шығарылатын өнімдердің сапасын және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруды;

мемлекетаралық және аймақаралық ынтымақтастықты дамытудың басымдық берілетін бағыттарын мемлекеттік қолдаудың жүйесін құруды, мемлекеттер арасындағы төлем төлемеудің проблемаларын шешуді және сауда-төлем қатынастарының төпе-теңдігін қамтамасыз етуді;

мақсатты мемлекетаралық жобаларды және экономикалық ынтымақтастық бағдарламаларын қалыптастыруды, мемлекетаралық (трансұлттық) қаржы-өнеркәсіптік топтарының бірлескен интеграциялық құрылымдарын құруды;

еңбек және интеллектуалдық әлеуетті сақтау мен дамытуды;

көлік коммуникациясы мен байланыс саласында қазіргі бар инфрақұрылымды өзара қолайлы әрі тиімді пайдалануды қолдау жүйесін құруды және оны одан әрі дамытуды;

қор рыноктарын және сақтандыру қызметін көрсететін рынокты дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды;

ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыруды және жетілдіруді шешу қажет.

## III. Экономикалық ынтымақтастықты дамыту

Осы Бағдарламаны жүзеге асыру мемлекеттердің экономикалық интеграциясын одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мұның өзі тұтас алғанда Кеден одағы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қызметінің тиімділігін арттыруға да жәрдемдеседі.

Бағдарламалық іс-шараларды мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыру ұсынылады : экономикалық ынтымақтастықтың ортақ мәселелері және қызметтің жекелеген салаларындағы ынтымақтастық.

Тараптардың іс-қимылын үйлестіру көзделетін экономикалық ынтымақтастықтың ортақ мәселелеріне мыналар:

бірлескен шаруашылық жүргізуші құрылымдарды құру саласында нормативтік-құқықтық негізді үйлестіру және бір ізге салу келісілген баға саясатын жүргізу;

ақша-несие саясаты, инвестициялар, қор рыногы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерінде өзара іс-қимылды терендету;

екі мемлекеттің экономикасын құрылымдық қайта құруға қатысты

тұжырымдамалық көзқарастарды жақындастыру жатады.

Келісілген құрылымдық саясатты жүргізу шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы жүзеге асыруға тиісті қайта жаңғыртулар қазіргі бар өндірістік әлеуетті мейлінше сапалы қайта құруға байланысты және екі мемлекеттің де мүдделерін көздейді.

Осыған байланысты Тараптар құрылым құрайтын өндірісті бірлесіп құру мен дамыту туралы, осы өндірістерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге үлестік қатысудың және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы кәсіпорындары арасындағы өзара тиімді өндірістік тікелей байланыстарды дамытудың жолдары мен нысандары туралы ұсыныстарды қарайтын болады.

Келісілген құрылымдық саясатты практикалық тұрғыдан жүзеге асыру үшін мемлекетаралық (бірлескен) жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруды қолға алу көзделуде.

Қызметтің жекелеген салаларындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары отын-энергетика мен агроөнеркәсіп кешендері, металлургия, машина жасау көлік саласындағы салааралық ынтымақтастық болып табылады.

Әскери-экономикалық ынтымақтастық, ғарыш кеңістігін зерттеу саласындағы өзара іс-қимыл, сондай-ақ "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен әскери сынақ полигондарын пайдалану да ескеріледі.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ғылыми әлеуетін тиімді пайдалану мақсатында ғылыми, жобалық және конструкторлық- технологиялық ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру маңызды бағыт болып табылады.

Денсаулық сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту, дәрі-дәрмектік препараттар мен медициналық техника өндірісі саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудағы күш-жігерді үйлестіру жүзеге асырылатын болады;

Сауда-экономикалық ынтымақтастықты жүзеге асыру қажетті статистикалық ақпаратты белсенді түрде алмасуды көздейді. Статистикалық басылымдармен және жарияланымдармен, әдістемелік материалдармен алмасу, сыртқы сауда статистикасын қалыптастырудың принциптерін келісу қарастырылатын болады.

Тауарлар мен қызмет көрсету рыноктарындағы сұраныс пен ұсыныстың жай-күйі туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен ақпараттық жүйесін құру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу жоспарлануда.

Азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету, жұмыспен қамту, еңбек шарттары, түрлі салалар үшін біліктілігі жоғары кадрларды даярлау, мамандар, ғалымдар, аспиранттар, стажерлар және студенттер алмасу салаларында, сондай-ақ мәдениет пен өнер, дене тәрбиесінің мәдениеті, спорт, санаториялық-курорттық іс пен туризм саласында өзара іс-қимыл жасаудың ортақ проблемаларын шешу үшін нормативтік-құқықтық негізді одан әрі жетілдіру көзделуде.

Айнала ортаның жай-күйін қорғау мен жақсарту, шекаралас аймақтардың

ластануына жол бермеу, табиғат пайдалануды ұтымды және ресурстарды үнемдейтіндей сипатта жүргізу салаларында ынтымақтастық одан әрі дамитын болады.

Қалыптасқан аймақаралық шаруашылық байланыстарды, оларда тұратын халықтардың әдет-ғұрпы мен рухани құндылықтарын ескере отырып, осы аумақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрмысын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасаудың маңызды бағыты болып табылатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аймақаралық, оның ішінде шекаралық облыстарының ынтымақтастығы дамытылуы тиіс.

## IV. Бағдарламаны жүзеге асыруды басқару

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен үкіметаралық комиссияның шеңберінде осы Бағдарламаны жүзеге асыруды үйлестіру мақсатында Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі Үйлестіру кеңесі (бұдан былай - Үйлестіру кеңесі деп аталады) және Бағдарламаның негізгі бөлімдерін жүзеге асыру жөніндегі жұмыс топтары құрылады.

Үйлестіру кеңесі қазақстандық және ресейлік бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысын тиісті Тараптың үкімет басшысы тағайындайтын Төраға басқарады.

Үйлестіру кеңесінің құрамына қазақстандық және ресейлік Тараптардың жұмыс топтарының басшылары енеді.

Үйлестіру кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ кем дегенде жылына бір рет Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында алма-кезек өткізіледі. Үйлестіру кеңесінің отырысына қабылдаушы Тараптың төрағасы төрағалық етеді.

Үйлестіру кеңесінің негізгі функцияларына:

ұлттық бөліктері шеңберінде осы Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен үкіметаралық комиссияның отырысында қаралатын, осы Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарын және Бағдарламаның орындалу барысы туралы баяндамаларды әзірлеуді ұйымдастыру;

Осы Бағдарламаны орындауды жүзеге асыру мен үйлестіруге байланысты мәселелер бойынша үкіметаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

Осы Бағдарламаны жүзеге асыруға байланысты жекелеген проблемаларды Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен үкіметаралық комиссиясының отырыстарында қарау үшін әзірлеу;

Үйлестіру кеңесінің регламентімен айқындалатын өзге де функциялар жатады.

Үйлестіру кеңесінің регламенті 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы шарттың күшіне енген күнінен бастап 60 күннен кешіктірілместен Үйлестіру кеңесінің отырысында қаралады және бекітіледі.

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастықтың бағдарламасына байланысты іс-шаралар**

| N р/с | Іс-шаралардың мазмұны | Қазақстан Республикасы жағынан атқарушылар | Ресей Федерациясы жағынан атқарушылар |
| --- | --- | --- | --- |
| | Экономикалық ынтымақтастықтың жалпы мәселелері | | |
| 1. | Мыналар бойынша ұсыныстар дайындау: | | |
| 1.1 | бірлескен шаруашылық жүргізуші құрылымдар құру саласында мемлекеттердің заң және басқа да нормативтік актілерін үйлестіру | Әділетмині, ЭИСМ | Экономикамині |
| 1.2 | келісілген баға саясатын жүргізу: | | |
| 1.2.1 | табиғи монополиялардың қызметін реттеу мәселелері бойынша заң және нормативтік-әдістемелік базаларды бір ізге салу | ТМРК, Қаржымині, ЭИСМ | Қаржымині, Экономикамині |
| 1.2.2 | бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеу жүзеге асырылатын өнімдердің (қызмет көрсетулердің) тізбесін келісу | Әділетмині, ЭИСМ, ТМРК | Экономикамині, Өнеркәсіпсаудамині |
| 1.2.3 | тиісті талдаулық байқаулар жүргізу үшін өнімдердің негізгі түрлерінің келісілген тізбесі бойынша бағалардың динамикасы туралы ақпараттар алмасуды жүзеге асыру | ҰСА, ЭИСМ | Қаржымині, Экономикамині |
| 1.3 | бірлескен инвестициялық жобаларды әзірлеу | ЭИСМ, Ауылшаруашылығымині, Көліккоммині, БМДМ, Меминвестком | Экономикамині, Өнеркәсіп саудамині, Отын энергетикамині, Ауылшаруашылығы өнімдермині, Көлікмині, Біліммині, Мә. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дениетмині, |
| | | | Денсаулықмині |
| 1.4 | Қор рыногын дамыту | | |
| 1.4.1 | Қазақстан Республикасының Бағалы | БҚҰК | БҚФК |
| | қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия. | | |
| | сы мен Бағалы қағаздар жөніндегі | | |
| | федералдық комиссияның ынтымақтас. | | |
| | тығы бағыттарында | | |
| 1.4.2 | Бағалы қағаздар рыногындағы реттеу | БҚҰК | БҚФК |
| | мен бақылау жасау мәселелері жөнін. | | |
| | де ақпарат алмасу | | |
| 1.4.3 | бағалы қағаздар рыногында ақпарат. | БҚҰК | БҚФК |
| | тарды ашудың жүйесін құру | | |
| 1.5 | тұтынушылар құқықтарын қорғау жө. | ЭИСМ, | Өнеркәсіп |
| | ніндегі мемлекеттердің заңдарын же. | Әділетмині | саудамині |
| | тілдіру | | |
| 1.6 | Тауарлар рыноктарын дамыту: | | |
| 1.6.1 | бірлескен рынокқа жұмыс істейтін | ЭИСМ, Ауыл | Өнеркәсіп |
| | өндірістерді құру | шаруашылығы | саудамині, |
| | § | мині | Экономи. |
| | | | камині |
| 1.6.2 | тауарлар рыноктары жай-күйіне тал. | ЭИСМ, Ауыл | Өнеркәсіп |
| | дау жасау және оларды өзара тиімді | шаруашылығы | саудамині, |
| | | мині | Экономи. |
| | дамыту жөніндегі шараларды үйлесті. | ҰСА | камині, МТК |
| | ру | | |
| 1.6.3 | Өнімдердің маңызды түрлері бойынша | ЭИСМ, Ауыл. | Экономикамині |
| | сұраныстар мен ұсыныстардың бірлес. | шаруашылығы | МТК |
| | кен баланстарын әзірлеу | мині | |
| 2. | Үкіметаралық келісімдердің жобала. | | |
| | рын дайындау: | | |
| 2.1 | бәсекелестікті қамтамасыз ету сала. | ТМРК | ММК |
| | сындағы өзара іс-қимыл туралы | | |
| 2.2 | мемлекетаралық қаржы-өнеркәсіптік | ЭИСМ | Өнеркәсіпсауда |
| | топтарды құру туралы | | мині,Экономи. |
| | | | камині |
| 2.3 | өндірістік кооперациялар туралы | ЭИСМ | Өнеркәсіпсауда |
| | | | мині, Экономи |
| | | | камині |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2.4 | сертификаттау жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін өзара тану туралы | КСМС, ЭИСМ | Өнеркәсіпсауда мині |
| | Қызметтің жекелеген салаларындағы ынтымақтастық | | |
| 3. | Отын-энергетика кешені | | |
| 3.1 | мыналар бойынша ұсыныстар дайындау: | | |
| 3.1.1 | көмірсутегі шикізаты және Ресей мен Қазақстанның энергия жүйелерінің арасында электр энергиясы ағынын өндіруді, жеткізуді және олардың транзитін ұйымдастыру жөніндегі шарттық-құқықтық актілерді әзірлеу | ЭИСМ | Отынэнергиямині |
| 3.1.2 | аралық станцияларымен бірге мемле. кетаралық электр беру жүйелерін пайдаланудың техникалық және эконо. микалық шарттарын әзірлеу | "KEGOK" АҚ | "Ресей БЭЖ"РАҚ |
| 3.1.3 | Қазақстанның ҰЭЖ мен Ресейдің БЭЖ параллелді жұмысын қалпына келтіру мен ұйымдастыру | ЭИСМ,"KEGOK" АҚ | Отынэнергия мині,"Ресей БЭЖ" РАҚ |
| 3.1.4 | 1992-1996 жылдары Ресейден Қазақ. станға жеткізілген электр энергиясы үшін берешектерді өтеудің тетігін жасау | ЭИСМ, "KEGOK" АҚ, Қаржымині | Отынэнергия мині,"Ресей БЭЖ" РАҚ |
| 3.1.5 | Ресей және Қазақстан табиғи газын қазақстан мен ресей тұтынушыларына, соның ішінде Ресей және Қазақстан аумақтары арқылы қазақстан және ре. сей газын өзара орнын басу және транзит схемасы бойынша жеткізу | ЭИСМ,"Интергаз ЦА" ЖАҚ | Отынэнергия мині, "Газ. пром" РАҚ |
| 3.1.6 | "Ресей БЭЖ" РАҚ-ға тиесілі Екібас. тұз көмір бассейнінің "Северный" кеніші мен "Богатыр" кенішінің N 9 "Поле" кенішінің "Ресей БЭЖ" РАҚ-тың меншігін аталған кеніштерге заңды ресімдеуді аяқтауды және "Се. верный" кенішіне "Ударный" және "Трудовая" темір жол станцияларының тиесілігі мәселесін шешуді қоса ал. | ЭИСМ, Қаржымині | Отынэнергия мині, "Рес. ей БЭЖ"РАҚ, "Энерго. уголь" АҚ |

|ғанда тұрақты жұмыс істеуін қамта. | |
|масыз ету | |
3.1.7|Екібастұз көмірін Қазақстанның ау. |ЭИСМ, |Отынэнергия
|мағы бойынша теміржолмен тасымал. |Көліккоммині |мині, "Ресей
|даудың шарттары мен ақы төлеудің | |БЭЖ" РАҚ,
|тәртібі | |"Энерго.
| | |уголь" АҚ
3.1.8|Энергия ресурстарын транзиттеуге |ТМРК, |Отынэнергиям
|арналған тарифтерді белгілеудің |Қаржымині |ні,Экономика
|шарттары мен тәртібі | |мині,"Газпр.
| | |ом" РАҚ,
| | |"Ресей
| | |БЭЖ" РАҚ
3.2 |Келісімдердің жобаларын дайындау: | |
3.2.1|Каспий теңізі табанының көмірсуте. |ЭИСМ, Қазақи |Отынэнергия
|гі шикізаты кен орындарын бірлесіп |ойл |мині
|игеру жөніндегі бірінші кезекті ша.| |
|ралар туралы | |
3.3 |Бірлескен бағдарламалар мен жоба. | |
|ларды әзірлеу: | |
3.3.1|Каспий құбыр желісі консорциумының |ЭИСМ, Қазақ |Отынэнергия
|жобасын іске асыру туралы |ойл |мині
3.3.2|Отын-энергетика қоры жөніндегі ба. |ЭИСМ |Отынэнергия
|ланс бойынша ақпарат алмасу туралы | |мині
3.3.3|Қазақстан және Ресей аумақтарында |ЭИСМ, Қазақ |Отынэнергиями
|көмірсутегі шикізатын барлау, өнді.|ойл |ні
|ру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі| |
|геологиялық барлау жұмыстарын жүр. | |
|гізу туралы | |
3.3.4|Қазақстанның Шұбаркөл кен орнының |ЭИСМ |Отынэнергиями
|перспективалы Батыс учаскесінің кө.| |ні
|мірін өндіру, өңдеу және сату жө. | |
|нінде бірлескен өндіріс құру туралы| |
3.3.5|Мұнай-газ тасымалдау және электр |ЭИСМ, |Отынэнергиями
|энергиясы, оның ішінде халықаралық |ҚазТрансОйл,|ні, "Транс.
|жүйелерінің қолданыстағыларын пай. |Қазақойл |нефть" АҚ,"Ре
|даланудың тиімділігін арттыру және | |сей БЭЖ" РАҚ,
|жаңаларын салу туралы | |"Газпром"РАҚ
3.3.6|Отын-энергетика салаларындағы ынты.|ЭИСМ, Қазақ.|

|мақтастық жөніндегі үкіметаралық |ойл, ҚазТранс|
|келісімдердің, соның ішінде 1997 |Ойл |
|жылғы 25 ақпандағы Келісімнің 6-ба.| |
|бының орындалуы туралы | |
3.3.7|Синеглазова-Қостанай-Аманқарағай |ЭИСМ, Қазақ.|Отынэнергиями
|және Петропавл-Көкшетау-Астана мұ. |ойл ҚазТранс|ні,"Трансмұ.
|най өнімдері құбырларын пайдалану |Ойл |найөнім" АҚ
|туралы | |
3.3.8|Ресейден Астана қаласына өзара ор. |ЭИСМ |"Газпром"РАҚ
|нын басу жолымен газ жеткізу үшін | |
|қолданыстағы құбырларды жаңарту жә.| |
|не жаңаларын салудың ТЭН әзірлеу | |
|туралы | |
4. |Машина жасау | |
4.1 |Мыналар бойынша трансұлттық құры. | |
|лымдар құру жөнінде ұсыныстар | |
|дайындау: | |
4.1.1|"Тверь экскаватор зауыты" АҚ-мен |ЭИСМ, Кентау|Өнеркәсіпсау.
|және Саратов қаласындағы "Сарэкс" |экскаватор |да мині, Эко.
|АҚ-мен бірлесіп "Кентау экскаватор |зауыты |номикамині,
|зауытының" базасында экскаваторлар.| |"Тверь экска
|ды құрастыру өндірісі | |ватор зауы.
| | |ты АҚ, "Сар.
| | |экс" АҚ
4.1.2|"Алтай мотор зауыты" АҚ, Барнаул қ.|ЭИСМ "Павло.|Өнеркәсіпсау.
|және "Сибзавод" АҚ, Омбы қ. бірле. |дар трактор |дамині,Эконо.
|сіп "Павлодар трактор зауыты" АҚ |зауыты" АҚ |микамині,"Ал.
|базасында трактор шығару жөнінде | |тай мотор
| | |зауыты" АҚ,
| | |"Сибзавод"АҚ
4.1.3|"Ростсельмаш" ААҚ-мен бірлесіп Қа. |ЭИСМ, Ауылша|Өнеркәсіпсау.
|зақстанның ауыл шаруашылығы машина.|руашылығымині|дамині,Экоми
|ларын жасау кәсіпорындарының база. | |камині,"Рост.
|сында астық-мал азығын жинау ком. | |сельмаш"ААҚ
|байндарын құрастыру өндірісі | |
4.1.4|Қорғаныс өнімдерін өндіру |ЭИСМ |Экономикамині
| | § |Қорғанысмині
5. |Металлургия | |
5.1 |Қара және түсті металлургия кәсіп. |ЭИСМ |Өнеркәсіпсау.

|орындарының мамандандырылуын сақтау|                |да мині,Эко.
|және өндірістік кооперациялар          |                |микамині
|бойынша шикізат пен өнімдерді өзара|                |
|беру туралы келісімнің жобасын          |                |
|д а й ы н д а у                          |                |
5.2 |Металлургиялық кешеннің шикізат кә.|ЭИСМ          |Экономикамині
|сіпорындарын энергия көздерімен тұ.|                |Өнеркәсіпсау.
|рақты қамтамасыз етудің шарттарын  |                |дамині,Отын.
|к е л і с у                              |                |э н е р г и я м и н і
6 . |К ө л і к                              |                |
6.1 |Мыналар бойынша ұсыныстар әзірлеу: |                |
6.1.1|Жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ   |Көліккоммині|Экономикамині
|жолаушылар және транзиттік тасымал.|ТМРК          |Өнеркәсіпсауда
|дауларға тарифтерді белгілеуге қа. |                |мині, МПС,ФАС
|дамдарды жақындастыру                   |                |ФДС, ФСЕМТ
6.1.2|Халықаралық көлік, оның ішінде те. |Көліккоммині|Көлікмині,МПС
|міржол дәліздерін дамытудағы ынты. |                |ФАС, ФДС
|м а қ т а с т ы қ                        |                |
6.1.3|Оля айлағының құрылысын салу және  |Көліккоммині|Көлікмині
|оны әрі қарай пайдалану жөніндегі   |                |
|бірлескен жұмыстарды жүргізу          |                |
6.1.4|Кемелердің Ресей ішкі сулары жолда.|Көліккоммині|Көлікмині
|ры бойынша өтуінің бекітілген тәр. |                |
|тібіне және екі жақты шарттарға      |                |
|сәйкес Ресей және Қазақстан кеме.   |                |
|лерінің Ақтау портынан жүзеге асы. |                |
|ратын экспорттық жүк тасымалдарын   |                |
|д а м ы т у                              |                |
6.1.5|Темрюк айлағын Қазақстандық "Испат.|Көліккоммині|Көлікмині
|кармет" АҚ-ның Жерорта теңізі айма.|                |
|ғының елдеріне арналған жүктерін     |                |
|өңдеу үшін пайдалану                   |                |
6.1.6|Солтүстік Каспий теңіз пароходшылы.|Көліккоммині|Көлікмині
|ғының кемелері ("Кристина" автоса. |                |
|лы) мен қазақстандық кемелерді пай.|                |
|далана отырып Каспий теңізінде       |                |
|Астрахань-Оля-Махачкала айлақтары. |                |
|ның арасында ұдайы жүктер мен жо.   |                |
|лаушыларды тасуды ұйымдастыру жө.   |                |

|нінде | |
7. |Агроөнеркәсіптік кешен | |
7.1 |Мыналар бойынша бірлескен бағдарла.| |
|малар әзірлеу және іске асыру: | |
7.1.1|Қазақстан мен Ресейдің ауыл шаруа. |Ауылшаруашы.|Ауылшаруашы.
|шылығы кешендерін ауыл шаруашылығы |лығымині, Ғы|лығыөнімдері
|техникасымен қамтамасыз ету |лыммині-Ғылым|мині,Өнеркә.
| |академиясы, |сіпсаудамині
| |ЭИСМ |
7.1.2|Азық-түліктік бидай мен жемдік ас. |Ауылшаруашы.|Ауылшаруашылы
|тық беру |лығымині, |ғыөнімдері
| |"Азық-түлік |мині
| |корпорациясы"|
| |ЖАҚ |
7.2 |Мына салалардағы ынтымақтастық жө. | |
|ніндегі ұсыныстар әзірлеу: | |
7.2.1|Астық шаруашылығы мен мал шаруашы. |Ауылшаруашы.|Ауылшаруашылы
|лығы |лығымині |ғыөнімдерімин
7.2.2|1993 жылғы 12 наурыздағы ТМД-ға қа.|Ауылшаруашы.|Ауылшаруашылы
|тысушы мемлекеттердің мал дәрігер. |лығымині |ғыөнімдерімі.
|лігі саласындағы ынтымақтастығы ту.| |ні
|ралы көпқырлы Келісімнің ережелерін| |
|ескере отырып мал дәрігерлігі және | |
|өсімдіктерді қорғау | |
7.2.3|балық өнімдерін өндіру, аулау, өң. |Ауылшаруашы.|Ауылшаруашылы
|деу және сақтау |лығымині |ғыөнімдерімин
8. |Әскери-экономикалық ынтымақтастық | |
8.1 |Мыналар бойынша ұсыныстар дайындау:| |
8.1.1|қару-жарақтарды, әскери техникалар.|Қорғанысмині|Қорғанысмині,
|ды, қосалқы бөлшектерді өзара жет. | |Экономикамині
|кізу, әскери мақсаттағы жөндеуді | |
|ұйымдастыру және қызметтер көрсету | |
|(келісілген тақырыптар бойынша) | |
8.1.2|Қазақстан мен Ресейде орналасқан |Ғылыммині-Ғы|Қорғанысмині
|сынақ орталықтары мен полигондарды |лым академия|Экономикамині
|пайдалану |сы Қорғанысмині|
9. |Ғарыш кеңістігін зерттеу және пай. |Ғылыммині-Ғы|РҒА, РҒА,Эко.
|далану саласында бірлескен жұмыс. |лым академия|номикамині
|тарды жүргізу |сы Қорғаныс |Өнеркәсіпсау.

```
    |                                  |мині        |мині,Зымыран.
    |                                  |            |ғарыш өнеркә.
    |                                  |            |сібінің кәсіп
    |                                  |            |орындары мен
    |                                  |            |ұйымдары
10.     |Медициналық және микробиологиялық |            |
        |өнеркәсіп                         |            |
10.1 |Ресей мен Қазақстанның халқы мен     |БМДМ        |Экономикамині
        |денсаулық сақтау емдеу-алдын алу  |            |Денсаулықсақ.
        |мекемелерін дәрі-дәрмек құралдары.|            |таумині
        |мен және медициналық мақсаттағы   |            |
        |бұйымдармен қамтамасыз етуді жақ. |            |
        |сарту мақсатында медициналық өнер.|            |
        |кәсіп саласындағы ынтымақтастықтың|            |
        |басым бағыттарын айқындау         |            |
10.2    |Келісімдердің жобаларын дайындау: |            |
10.2.1|1996 жылғы 12 сәуірдегі ТМД-ға қа.|Ауылшаруашы.|Денсаулықсақ.
        |тысушы мемлекеттердің биологиялық |лығымині    |таумині,Ауыл.
        |препараттар мен басқа да қорғау құ.|           |шаруашылығы.
        |ралдарының мемлекетаралық резервін |           |өнімдерімині,
        |құру туралы Келісімін ескере оты.  |           |Экономикамині
        |рып халық, мал шаруашылығы және құс|           |
        |шаруашылығы үшін дәрі-дәрмек құрал.|           |
        |дарын, үстемелерді және вакциналар.|           |
        |ды бірлесіп беру туралы           |            |
10.2.2 ВИЧ-инфекциялар проблемаларын ше. |БМДМ       |Денсаулықсақ.
        |шудегі ынтымақтастық туралы       |            |таумині
10.2.3 медициналық техникалар мен медици.|БМДМ        |Өнеркәсіпсау.
        |налық мақсаттағы бұйымдардың қазір.|           |дамині, Эконо
        | гі заманғы түрлерін бірлесіп беру,|           |микамині
        |бірлесіп әзірлеу және шығару туралы|           |
11.     |Құрылыс материалдары өнеркәсібі   |            |
11.1    |Келісімдердің жобаларын дайындау: |            |
11.1.1 шикізаттарды өндіру және құрылыс  |ЭИСМ        |Жерқұрылысми.
        |материалдарын шығару жөніндегі кә.|            |ні
        |сіпорындардың мамандандырылуын    |            |
        |сақтау туралы                     |            |
11.1.2 құрылыс машиналарын пайдалану және|ЭИСМ        |Жерқұрылысми.
        |жөндеу саласында нормативтік құ.  |            |ні
```

| жаттарды бірлесіп әзірлеуді келісу| |
|және оған қатысу туралы | |
12 |Жеңіл өнеркәсіп | |
12.1 |Жүн өңдеу жөнінде бірлескен кәсіп. |Ауылшаруашы.|Өнеркәсіпсау.
|орындар құру жөнінде ұсыныстар |лығымині, |дамині
|дайындау |ЭИСМ |
12.2 |Қазақстан Республикасында дайында. |Ауылшаруашы.|Өнеркәсіпсау.
|латын қаракөл және қой терісі шикі.|лығымині, |дамині
|затын қайта өңдеу жөніндегі бірлес.|ЭИСМ |
|кен жобаларды әзірлеу және ұсыныс. | |
|тар дайындау | |
13 |Ақпарат және байланыс | |
13.1 |Ақпарат саласындағы ынтымақтастық |АҚКМ |Мемлекеттік
|туалы келісімнің жобасын дайындау | |баспасөз
|комитеті | |ТРФҚ
13.2 |Байланыс және ақпараттандыру сала. |Көлікмині, |Мемлекеттік
|сындағы ынтымақтастық жөнінде бір. |АҚКМ |байланыс коми
|лескен шаралар әзірлеу | |теті
14 |Статистика | |
14.1 |Статистика саласындағы ынтымақтас. |ҰСА |Мемстатком
|тық туралы келісімнің жобасын | |
|дайындау | |
14.2 |Қазақстан мен Ресейдің сыртқы сау. |ҰСА |МКК,Мемстат.
|дасының статистикасы бойынша дерек.| |ком,Өнеркәсіп
|тердің салыстырмалылығын қамтамасыз| |саудамині
|ету жөнінде ұсыныстар дайындау | |
15 |Ғылыми-техникалық ынтымақтастық | |
15.1 |Қазақстан-Ресей ғылыми-техникалық |БМДМ,Ғылыммин|Ғылыммині,
|ынтымақтастығының басым бағыттары |ні-Ғылым ака|РҒА, РБА
|бойынша ұсыныстар дайындау және |демиясы |
|тиісті бағдарламалар әзірлеу | |
15.2 |Педагогикалық ғылымдар саласындағы |БМДМ |РБА
|Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының | |
|негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар| |
|дайындау және тиісті бағдарламалар | |
|әзірлеу | |
15.3 |НАК пен РҒА ынтымақтастығының бір. |Ғылым минис.|РҒА
|лескен бағдарламаларын іске асыруды|трлігі-Ғылым|
|қамтамасыз ету |академиясы |

15.4 |Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ, Л.Гуми. |БМДМ |Біліммині
|лев атындағы Еуразия университеті. | |
|нің бірлескен қызметінің шеңберінде| |
|жоғары білікті мамандарды бірлесіп | |
|даярлау жөнінде ұсыныстар әзірлеу | |
16 |Қоршаған ортаны қорғау | |
16.1 |Атом жарылыстарының зардаптарын жою|ЭТРМ |Атоммині,Мем.
|саласындағы ынтымақтастық туралы | |экологиякомы
|келісімдердің жобаларын дайындау | |
16.2 |Мыналар бойынша бірлескен бағдарла.| |
|малар әзірлеу: | |
16.2.1 атом жарылыстарының зардаптарын |ЭТРМ, Ғылым.|Атоммині,Мем
жою; |мині-Ғылым |экологиякомы,
| |академиясы |
16.2.2 Ертіс пен Жайық өзендерінің және |ЭТРМ |ТРМ, Мемэко.
трансаралық сулардың табиғи орта. | |логиякомы
| сын сақтау | |
16.3 |Жоғалып кетуқаупі төніп тұрған жа. |ЭТРМ |Мемэкологияко
|байы жануарлар дүниесі мен өсімдік.| |мы
|тер дүниесінің түрлерімен халықара.| |
|лық сауда жасау туралы Концепцияның| |
|(СИТЕС) шеңберінде экологиялық құ. | |
|қық бұзушылықтарды болдырмау және | |
|өзара іс-қимыл жасау саласындағы | |
|ынтымақтастық жөнінде бірлескен | |
|ұсыныстар дайындау | |
17 |Әлеуметтік-еңбек қатынастары | |
17.1 |Келісімдердің жобаларын дайындау: | |
17.1.1 азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз |ЕХӘҚМ |Еңбекмині,
ету туралы | |Аймақұлтмині
17.1.2 ақпараттық-мәдени орталықтар құру |АҚКМ |Мәдениетмині,
және олардың қызметінің жағдайлары| |Аймақұлтмині,
|туралы | |Ресейшетел ор
| | |талығы,Әділет
| | | мині
17.1.3 ресейліктер пен қазақтардың этни. |АҚКМ, БМДМ |Мәдениетмині,
калық топтарының рухани-мәдени қа.| |Аймақұлтмині,
|жеттіктерін қанағаттандыруға жәр. | |Біліммині,Әді
|дем көрсету туралы | |летмині,Мем.

| | |баспасөзкомы,
| | | ТРФҚ
17.1.4 жұмыс күштерінің орын ауыстырулары|ЕХӘҚМ, АКҚМ |Еңбекмині, Ай
туралы | |мақұлтмині,
| | |Қаржымині
17.1.5 білім мен ғылыми атақтар және ғы. |БМДМ |Біліммині
лыми дәрежелер туралы құжаттарды | |
|тану және олардың баламалылығын | |
|мойындау туралы | |
17.1.6 туризм, спорт, санаториялық-курор.|БМДМ |МДТК,Денсау.
ттық істер салаларындағы ынтымақ. | |лықмині,Эконо
| тастық туралы | |микамині
17.1.7 Тараптардың біреуінің жоғары оқу |БМДМ |Біліммині,РҒА
орындарында даярлау жүзеге асырыл.| |РАҒА, РМҒА
|майтын мамандықтар бойынша Тарап. | |
|тардың оқу мекемелерінде мамандарды| |
|даярлау, қайта даярлау және олардың| |
|біліктілігін арттыру туралы | |
18 |Аймақтық проблемаларды шешудегі ын.| |
|тымақтастық | |
18.1 |аймақтық деңгейде экономикалық, мә.|Әкімшіліктер|Облыстардың
|дени және әлеуметтік ынтымақтастық.| |әкімшіліктері
|ты дамыту жөнінде ұсыныстар дайын. | |Экономикамині
|дау | |Мәдениетмині,
| |Біліммині |
18.2 |Келісімдердің жобаларын дайындау: | |
18.2.1 шекара маңындағы аумақтарды дамы. |ЭИСМ, Әкімші|Жерге орналас
тудың қала құрылысы бағдарламала. |ліктер |тырумині,
рын әзірлеуді үйлестіру туралы | |облыстардың
|әкімшілігі

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК